"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

04.07.2019-ғы № 03-18/2430 шығыс хаты

«Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» ҚБ–не

Сіздің 18.06.2019 жылғы
№ 47011 санды өтінішіңізге:

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің өтінішіңізге сәйкес, «Мақтаарал ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №3346979-1 «Облыстық телеарна арқылы телерадиохабарларды тарату» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен төмендегілер анықталды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(әрі қарай – Заң)* 2-бабының 2-тармағында, *әлеуетті өнім беруші – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін* делінген.

Заңның 2-бабының 24-тармағында, *өнім беруші – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, мұндай жеке тұлға өнім беруші болуы мүмкін* делінген.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 85-1 тармағында, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі* делінген.

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің ескертпесінің 2 тармағына сәйкес *растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген*

04.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады деп көрсетілген.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігіне сәйкес әлеуетті өнім берушілерге *«Телеарналық бағдарламаны дайындайтын құрал-жабдықтар жоғары форматта түсірілім жасайтын болуы шарт; Орындаушы жұмыс орнында кемінде 2 бейнекамера, 2 монтаж компьютерлері, 2 микрофон (расатйтын құжаттары қоса тіркелуі керек) болуы шарт»* деп материалдық ресурстарының болуы талап етілген.

Алайда, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия **Қағиданың 150 тармағының** талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» ҚБ-нің конкурстық өтінімін «*Тапсырыс беруші мен бекітілген және алдын-ала талқылаудан өткен техникалық ерекшелікке сәйкес ҚР Қаржыминистрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағында Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы Себебі; Орындаушының қызметкерлерінің соңғы бір жыл тұрақты қызмет етіп келе жатқандығын растайтын құжаттардың толық болмауы (жұмысқа қабылданғандығы туралы бұйрықтары, еңбек кітапшалары, еңбек келісім шарты), орындаушының облыс аумағын қамтып телехабарлар тарату бойынша меморандум жасалған Айғақ Телерадиокомпаниясы ЖШС-ның лицензиясының көшірмесінің ұсынылмауы және Мақтаарал ауданы бойынша телеарнамен келісім шарты болмауы. Орындаушының жұмыс орнында болуға тиісті 2 бейнекамера, 2 монтаж компютері, 2-микрофонды растайтын құжаттар қоса тіркелмеген Айғақ Телерадиокомпаниясы ЖШС-гі мен жасалған актіге (акт прием передачи на ответсвенное хранение) қосымша растайтын құжаттар қоса тіркелмеген»* деген себептермен негізсіз конкурсқа қатысуға рұқсат бермеген.

Себебі, әлеуетті өнім беруші «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» ҚБ-гі мен «Айғақ «Телерадиокомпания» ЖШС-гі арасында 05.06.2019 меморандум түзілген. Осы меморандумға сәйкес 05.06.2019 жылы қабылдау өткізу актісі түзіліп, 2 дана бейнекамера, 2 дана монтаж компьютері және 2 дана микрофон әлеуетті өнім беруші «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» ҚБ-не тапсырылғандығы анықталды.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Заңның 47 бабы 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылатынын ескертеміз.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Омаров**

✍: Т.Алимтаев
☎: 35-06-06

Результаты согласования
04.07.2019 18:12:27: 1 (Камералдық бақылау бөлімі) - - согласовано без замечаний

04.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)